

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 қарашадағы N 1302 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 30 желтоқсан N 1685. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.11.22. N 1641 қаулысымен. ~P971641

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылы 20 желтоқсандағы N 2697 U952697_ Заң күші бар Жарлығын (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі туралы ережені бекіту жайында" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 қарашадағы N 1302 P941302_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі туралы ережеге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Ереже мәтініндегі "Министрлер Кабинеті", "Министрлер Кабинетінің", "Жоғарғы Кеңестің" деген сөздер "Үкіметі", "Үкіметінің", "Парламентінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың 2-абзацындағы "темір жол қатынасы жолдарын және оларға арналған ғимараттарды салуды, пайдалану мен ұстауды," деген сөздерден кейін "сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалануды бақылауды," деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы "оның банк мекемелерінде" деген сөздерден кейін "белгіленген тәртіппен" сөздерімен толықтырылсын;

7 - т а р м а қ т а :

жетінші абзац "көлік және байланыс" деген сөздерден кейін "сондай-ақ әуе кеңістігі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік басқару, әуе кеңістігін пайдалану жұмысын үйлестіру мен бақылау" ;

8 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары мен байланыс" деген сөздерден кейін "сондай-ақ кеңістігін пайдалану" деген сөздермен толықтырылсын;

он үшінші абзацтағы "көлік-коммуникациялар" деген сөздерден кейін "әуе

кеңістігін пайдалану" деген сөздермен толықтырылсын;
он бесінші абзацтағы "Министрлер Кабинеті" деген сөздер "зандарымен"
деген сөзбен ауыстырылсын;

он алтыншы абзацтағы "жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары мен байланыс" деген сөздерден кейін "әуе кеңістігін пайдалану" деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма бірінші абзацтағы "Министрлер Кабинеті жанындағы" деген сөздер алынып тасталсын;

жиырма бесінші абзацтағы "жол шаруашылығында" деген сөздер "сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалану кезінде" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"белгіленген тәртіппен әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қызметке рұқсат беру мен тоқтатуға";

14 - тармақта :

бірінші және екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Министрлікте құрамында Министр (алқа төрағасы), Министрлер орынбасарлары, лауазымы бойынша комитеттер мен департаменттердің басшылары, сондай-ақ көлік-коммуникация кешеніндегі басшы қызметкерлері бар алқа құрылады .

Министрліктің алқа құрамының санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді, " ;

үшінші тармақтағы "қызметінің" деген сөзден кейін "және әуе кеңістігін пайдаланудың" деген сөздермен толықтырылсын;

15 - тармақта :

екінші абзацтағы "әуе" деген сөз алынып тасталсын;

екінші абзацтағы "туралы Ережелерді деген сөздерден кейін "Әуе

кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бірінші абзацпен толықтырылсын:

"Министрліктің жанындағы Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі Комитеті іс-қимыл жасайды. Комитетті Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және босататын Төраға басқарады.";

бірінші және екінші абзацтар тиісінше екінші және үшінші абзацтар болып есептелсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК